

REFER. INFO

Жер-су мен ауаны аямай пастайды



Мұнай-газ өндірісі саласы дамыған сайын Ақтөбе облысының ауасы ластанып барады деп экологтар дабыл қағуын қояр емес. Зиянды заттардың соғұрлым көп ауаға тарап жатуына мұнай мен газды өндіру көлемінің артуы ғана емес, мұнай кенішіндегі апаттардың да кесірі тиюде. Өкінішке орай ондай апаттар болмай тұрмайды. Айналып келгенде бұл халық арасында қатерлі ауру түрлерінің көбеюіне әкеп соғуда. 182,5 мың тонна зиянды заттар ауаға шығарылатын болса, соның 60 пайызы облыстағы мұнай компанияларының үлесінде екен. Бірақ солай деп мұнай өндірушілер экология мәселесіне бастарын онша қатырар емес. Тек мұнай мен газды өндірудің көлемін арттырып әлек.

Ақтөбе облысында 2001-2012 жылдар арасында мұнай өндіру 2,5 есеге артып, 8,6 млн. тоннаға жеткен, газ - 3,5 есеге артып, 4,2 млрд. текше метрге жеткен. Бұл өз кезегінде қоршаған ортаның, әсіресе ауаның ластануына әкеп соғуда. Экологтардың зиянды мұнай компанияларының үлесінде облыстағы мұнай компанияларының басында «СНПС Ақтөбемұнайгаз» АҚ одан кейін (75% немесе 40,9 мың. тонн); «Қазақойл Ақтөбе» (24,3); «Интергаз» УМГ «Ақтөбе» (12,1); «Ұлы қабырға» (2,5); «Қазакмыс Петролеум» (2,3 мың. тонн) тұр.

Қоршаған орта мұнай құбырларындағы, мұнай өңдеу кеніштеріндегі апаттан соң тіпті қатты ластанады. 2012 жылы облыста осындай 5 апатты жағдай тіркелген екен. Қаңтар айында «Интергаз Центральная Азия» АҚ қарасты 1443 км магистральді

газ құбырының конденсат жиналатын бөлігінде ақау шығып, апат кезінде ауаға газ тарады. Компанияға 167,28 мың.тенгеге айыппұл салынып, 129,85 мың. тенгеге бағаланған зиянды өтеу жүктелді. «Сан Дриллинг» ЖШС Қожасай кенішінде («Қазақойл Ақтөбе» АҚ қарасты) жер казу жұмыстарын жүргізіп жатып, К-06 ұңғысын тесіп алған. Сөйтіп 0,3 текше метр газ ауаға тарауына жол берген. Сол үшін 220,8 мың. тенге айыппұл төледі. 270,4 мың.тенгеге келген зиянды өтеу туралы талап –арыз берілді.

7 тамыз күні Жарқамыс-Западный кенішінде «Фэлкон Ойл энд Гэс Лтд» ЖШС Ш-7 ұңғысын бұрғылау кезінде газ-су арасқан қоспа аспанға атқылайды. Диаметрі 50 метрлік апан пайда болды. 16,0 мың. м2 жер ластанды. «Фэлкон Ойл энд Гэс Лтд» ЖШС 2,38 млн.

тенге көлемінде әкімшілік жазаға тартылды. 7,2 млн. тенге көлемінде келген зиянды өтейтін болады.

24 ақпанда «СНПС-Ақтөбемұнайгаз» АҚ «Кенкиякнефть» НГДУ деген мекемесінде мұнай жиналатын жердегі лас су Темір өзеніне құйылып кетті. 1 га жуық жер ластанды. 19 желтоқсанда «Батыс Мұнай» ЖШС мұнайшылары «Әлібекмола» («Қазақойл Ақтөбе» ЖШС) кенішінде ұңғыны жөндеп жатқанда апатты жағдай болады. Мұнай мен газ қоспасы ауаға тарады.

«СНПС-Ақтөбемұнайгаз» АҚ жауапты тұлғаларына экологиялық талаптарды сақтамау деректері негізінде 15 әкімшілік жаза қолданылған. Тек Жаңажол мұнайгаз кешені бойынша қоршаған ортаға нормадан артық лас заттарды шығару жағынан 80,3 млн.тг.экономикалық зиян келтірілген.

Ал «Қазақойл Ақтөбе» ЖШС алаушамдарда ілеспе газды текке жағуда. Бұл компанияда бұрғылар арасында көлік жолдарын жасамай, жер қыртысын бұзу, қолданылған майлы су жиналатын орындарды ретке келтірмеу, экологиялық сараптама жасамау сияқты заң бұзушылықтарға жол көп берілген. Бұның барлығын есептегенде бұл компания қоршаған ортаға 246,1 млн. тг.зиян келтірген.

Жалпы алғанда «СНПС-Ақтөбемұнайгаз» АҚ, «Қазақойл Ақтөбе», «Каспий нефть ТМЕ», «Арал Петролеум Кэпитал», «КМК Мұнай», «СП Фил», ТОО «Қазакмыс Петролеум», «Урихтау Оперейтинг», «Фирма Ада Ойл», «КазТрансОйл» Ақтөбе мұнай құбыры басқармасы ЖШС сияқты көмірсутекті шикізатты барлап, өндіретін 10 кәсіпорын

тазалығы жағынан еш теңдесі жоқ «Көкжиде» жерасты суын аяусыз ластауда. Көкжидеден бастау алатын Темір және Ембі өзендерін де мұнай қалдықтары нормадан артып кетті. Бұған қоса экологтар мұнай өндірілетін аймақтардағы Кенкияк, Саркөл, Шұбарши, Шеңгелши, Саға, Жаркемір, Жаңабұлақ елді мекендерінде адам тұрғысыздай жағдай қалыптасқандығын айтады. Мұндағы ауа құрамында күкіртсутегі, бензапирен, формальдегидтің 1,2 ден 4,8 есеге концентрациясы мөлшерден тыс артып кеткелі қашан Бұдан соң ол ауамен дем алған адамның денсаулығына қалай зиян келмесін.

Ерлан Кожиков, Ақтөбе облыстық экология департаменті экологиялық реттеу бөлімінің бастығы:

- Біз «СНПС-Ақтөбемұнайгаз» АҚ, «Қазақойл Ақтөбе» ЖШС мұнай-газ өңдейтін аймақтағы елді мекендер мен кеніштерде ауа құрамын қадағалайтын автоматты қондырғы орнату туралы ұсыныс жасадық. Бұл стансаның ауаны ластаудың алдын алуда, себептерін анықтауда көмегі орасан зор болар еді. Және жауапкершілікті арттырар еді деп санаймыз. Алайда, біздің бұл ұсынысымыз жер асты байлығын игерушілер тарапынан қолдау таппады. Бұл сияқты олардың немқұрайлылығы біздің табиғатты қорғау заңдылықтарының осал тұстары барлығын анық көрсетеді. Жерасты байлығын игерушілер мұнайгаз өндіретін аймақты көгалдандыру, ретке келтіру жағына қаржы бөлуді кейінге қалдыра береді. Бұл дұрыс емес.

Экологтардың пайымдауынша, тек қоршаған ортаның ластануына жол



бермейтін кешенді шаралар орындалған соң ғана мұнай өндіруге рұқсат беру керектігі заңмен бекітілгені дұрыс. Сонда ғана мұнай өндірушілер табиғатқа аяушылықпен қарай бастайды. Оған дейін газды ауаға жағып, мұнай қалдықтарын жерге төгіп, мұнай мен газдың пайдасына кенеліп жүре береді. Зардабын жергілікті халық тартады.

«Қазақойл Ақтөбе» ЖШС 2008 жылдың қаңтарында ілеспе газды өңдеу бағдарламасы бойынша жұмыстарды аяқтауы тиіс екен. Әртүрлі сылтаулармен кейінге қалдырып, ілеспе газды қайта өңдеудің орнына ауаға жаққанын қояр емес. Мұнай газ министрлігі де «Қазақойл Ақтөбе» ЖШС сұрауын қанағаттандырып,

119,5 млн.м3 газды 2013 жылдың шілдесіне дейін ауаға жағуға рұқсат берген.

Сонымен мұнай компаниялары ауаны ластап қана қоймай, құнды табиғи газды босқа жерге, шығынға батырып жатыр. Сол жерді мекен еткен адамдардың тағдырына, денсаулығына да алаңдамайтын сияқты.

Керек дерек

Тек соңғы 3 жылда Ақтөбе облысындағы 8 мұнай компаниясы алаушамдарда - 1,8 млрд. м3 ілеспе газды босқа жаққан. Оның ішінде «Қазақойл Ақтөбе» ЖШС - 911,3 млн. м3; «СНПС-Ақтөбемұнайгаз» АҚ - 613,3 млн. м3; «Қазакмыс Петролеум» - 125,8 млн. м3 газды бекерден бекер ауаға жағып, ауаны ластаған.

Бақыт Жаншаева

